

**«Kazakh Tourism» Ұлттық Компаниясы» АҚ және
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
«Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК
арасындағы ынтымақтастық туралы
МЕМОРАНДУМ**

«Kazakh Tourism» Ұлттық Компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - «Kaz Tourism» ҰК АҚ) Басқарма Төрағасы Күзембаев Рашид Талапұлы тұлғасында, қолданыстағы Жарғы негізінде, бірінші тараптан және **Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын** (бұдан әрі - ҚР БҒМ «РҚББОӨО» РМҚК) директорының м.а. Шер Раиса Петровна тұлғасында, қолданыстағы Жарғының негізінде, екінші тараптан, бұдан әрі жекеше «Тарап», бірге «Тараптар» деп аталатын, өзара ынтымақтастық туралы осы меморандумға екі жақты келісімдерін білдіреді және келесі ниеттерді белгілейді:

1) Қазақстанда балалар-жасөспірімдер туризмін дамыту, ішкі және сыртқы туризмді ынталандыру;

2) балалар-жасөспірімдер туризмі сұрақтары бойынша өзара консультациялық, ақпараттық-талдау және әдістемелік қолдау көрсетуді қамтамасыз ету;

3) бірлескен даму, өзара табыс, өзара түсіністік және өздерінің артықшылықтарымен толықтыру.

Тараптар Қазақстан Республикасында балалар-жасөспірімдер туризмін дамыту саласындағы ынтымақтастық туралы келісті.

1-бап. МЕМОРАНДУМНЫҢ МӘНІ

1.1. Осы Меморандумның мәні Тараптардың әріптестік қарым-қатынас орнатуы және осы Меморандумды іске асыруға бағытталған ұзақ мерзімді, тиімді және өзара табысты ынтымақтастықты дамыту болып табылады.

1.2. Тараптар жалпыға мәлім тәжірибеден шығатын тендік, ізгілік, құрмет пен сенім негізінде ынтымақтастықты іске асыруға ниетті.

1.3. Тараптар осы Меморандум балалар-жасөспірімдер туризмін әрі қарайғы дамыту үшін маңызды механизм және негіз болады деп санайды.

1.4. Тараптар осы Меморандумды іске асыру процесінде өз қызметін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

2-бап. ТАРАПТАР ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ БАҒЫТТАРЫ

2.1. Осы Меморандум шеңберінде Тараптар келесі міндеттерді шешу бойынша біріккен әрекеттерді орындауға келісті:

1) балалар-жасөспірімдер туризмін дәріптеу және дамыту, ішкі және сыртқы балалар-жасөспірімдер турларын құру және ілгерілету;

2) балалар-жасөспірімдер туризмін дамыту сұрақтары бойынша ақпараттарды, маркетингтік зерттеулерді, сонымен қатар мемлекеттік реттеу шаралары туралы ақпарат алмасу;

3) балалар-жасөспірімдер туризмін және өлкетануды дамыту саласында ресурстарды тиімді қолдану үшін жағдай жасау;

4) мыналарға ықпал ету:

- Қазақстан Республикасының туристік саласын 2023 жылға дейін дамыту тұжырымдамасын ескере отырып, балалар-жасөспірімдер туризмін және өлкетануды дамыту бойынша кешенді шараларды іске асыруға;

- туристік өнімдерді және инфрақұрылымды дамытуға («Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында балалар мен жастарға арналған өңірлік туристік бағдарлар);

- туристік-өлкетану бағытындағы қосымша білім беру жүйесінің педагогтері үшін біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыруға және өткізуге;

- балалар-жасөспірімдер туризмін және өлкетануды дамыту саласында он тәжірибелерді таратуға;

5) мыналарға қатысу:

- «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы жобаларды іске асыруға;

- тараптардың өкілдерін жұмылдыра отырып, балалар-жасөспірімдер туризмін және өлкетануды дамыту саласында әртүрлі іс-шаралар, конференциялар, дөңгелек үстелдер, семинарлар, слеттер, жарыстар және басқа іс-шаралар ұйымдастыруға және өткізуге;

6) осы Меморандум шеңберінде ынтымақтастық нәтижелерін талдау, біріккен қызметтің жетістіктері туралы ақпарат алмасу, Тараптардың өзара қарым-қатынасын жақсарту бойынша ұсыныстарды әзірлеу және беру;

7) осы Меморандум шеңберінде өзара қарым-қатынасты жүзеге асыру бойынша сәйкесінше күш салу, Тараптар қажет деп санайтын кез-келген қолжетімді байланыс құралдарын қолдану.

3-бап. ТАРАПТАРДЫҢ ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ФОРМАЛАРЫ

3.1. Тараптар ынтымақтастығы саласына қатысты ақпараттар алмасу (Тараптардың бір-біріне хабарламаларды жолдауы, Тараптар өкілдерінің кездесуін ұйымдастыру арқылы және т.б.).

3.2. Тараптардың қызметіне қатысты және өзара табысты екі Тарапқа да мүдделі сұрақтар бойынша кеңес беру.

3.3. Осы Меморандумның мақсаттарына жетуге бағытталған біріккен іс-шараларды (жоспарлар, бағдарламалар әзірлеу және т.б.) жоспарлау.

3.4. Біріккен комиссиялардың, комитеттердің, жұмыс топтардың, басқа да кеңестік, сараптамалық және т.б. органдардың қызметін құру және қамтамасыз ету.

3.5. Тараптардың әрі қарайғы ынтымақтастығын дамытуға бағытталған келісімдерді құру.

3.6. Тараптардың одан әрі ынтымақтастығын дамытуға бағытталған келісімдер құру.

4-бап. ТАРАПТАРДЫҢ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

4.1. Тараптар осы Меморандумға қосымша Тараптардың серіктестігін дамыту бойынша іс-шаралар бағдарламасына қол қоя алады. Қол қойылғаннан кейін Бағдарлама Меморандумның ажырамас бөлігі болып табылады.

4.2. Тараптар жыл сайын осы Меморандумның іске асырылу барысын қарастырады және өзара тиімді қосымша бағыттар мен түрлерін анықтайды.

5-бап. ҚОСЫМША ШАРТТАР

5.1. Осы Меморандум заңды міндеттейтін келісім-шарт болып табылмайды және Тараптарға заңды міндетті шарт болып табылатын құпиялылық туралы ережелерді есепке алмағанда, Тараптарға ешқандай қаржылық пен заңды міндетке тартпайды.

5.2. Осы Меморандумға сәйкес Тараптардың ешқайсысына Басқа Тараптардың міндеттерімен немесе қарыздарымен ауыртпалық түспейді, Тараптардың ешқайсысы екінші Тараптың агенті ретінде немесе сәйкесінше бөлек келісім жасаспай әрекет етпейді.

5.3. Әр Тарап сәйкесінше келісім аясында айтылғаннан бөлек жағдайларды есепке алмағанда, осы Меморандумның шарттарын орындау кезінде туындайтын өзінің жеке шығындарын өтейді.

5.4. Әр Тарап сәйкесінше келісім аясында олардың ынтымақтастығына қатысты екінші Тараппен алдын ала келісімсіз осы Меморандумның іске асуы жөнінде мәлімдемемен көпшілік алдында сөйлемейді.

5.5. Тараптар осы Меморандумның шарттарын және құпия ақпарат ретінде берілген барлық ақпаратты немесе сипаты бойынша құпия деп есептелетін ақпаратты құпияда сақтауға міндеттеледі.

5.6. Тараптар бір-бірінен алынған құпия ақпаратты үшінші тұлғаға тарап кету мүмкіндігінен сақтайды және қорғайды.

6-бап. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

6.1. Осы Меморандум оған қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді және Тараптардың бірі осы Меморандумды бұзуға ықылас білдірген уақытқа дейін әрекет етеді.

6.2. Осы Меморандум Тараптардың жеке келісімдерімен ауыстырылуы немесе келесі төмендегі 6.3-тармағына сәйкес бұзылуы мүмкін.

6.2. Тараптар осы Меморандумнан шығатын кез келген таласты ынтымақтастық келіссөздер арқылы шешеді.

6.3. Кез келген Тарап Тараптардың бірін бір ай (30 күн) бұрын ескертіп, біржақты тәртіпте өз талаптарынан бас тартуға құқылы. Бұл ретте сәйкесінше Меморандум бұзылған болып есептеледі.

6.4. Осы Меморандум Тараптармен қол қойылған жазбаша құжатты әзірлеу арқылы өзгертілуі мүмкін. Осы Меморандумның барлық ережелері мен қосымшалары оның ажырамас бөлігі болып табылады.

6.5. Меморандум Тараптардың басқа ұйымдармен ынтымақтастығын шектемейді және олардың қызметін шектеу мақсатын көздемейді.

6.6. Осы Меморандум бірдей күші бар әр Тарапқа бір данадан мемлекеттік және орыс тілдерінде екі данада құрылған.

7-бап. ТАРАПТАРДЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАРЫ

Қазақстан Республикасы «Kazakh Toursim» Ұлттық компаниясы» АҚ,
010000 Астана қ., Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8 үй, «Министрліктер үйі» ғимараты, №15 кіреберіс.

Кузембаев Р.Т.



Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
«Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК

Астана қ., Кенесары көшесі, 40.

Шер Р.П.

